Туберкулез ауруына қарсы санаторлық түрдегі «Нұр» балабақшасы

Тақырыбы: “Даңқ бұл күндерді ұмытпайды” денсаулық күні

Тәрбиеші:Бимашева Г.Б.

2023-2024 оқу жылы

Тақырыбы: “Даңқ бұл күндерді ұмытпайды” денсаулық күні

Мақсаты: Дене шынықтырумен айналысуға үйрету, спортқа деген қызығушылығын арттыру, денсаулықтарын сақтауға тәрбиелеу.

Жақсы, ендеше сайысымызды бастайық.

1. “**Кедергілерден өту”** секіртпелерден тепе-теңдікті сақтап жүру, кеглилердің арасынан өрмелеп өту.
2. “**Қажетін тап”** шашылып жатқан киімдердің арасынан әскери киімді тауып,ұқыптап бүктеу қажет.
3. “**Кім жылдам?”** суды бір шелектен екінші шелекке стакандармен тасу.
4. “**Бір ізбен жүру”** қағаздан жасалған аяқ іздерін басып жүру.
5. Балаларды мақтау, мадақтау

Мақсаты: Балалардың көтеріңкі көңіл-күйін туғызу. Балалардың денесін шыңдап күш-қуатын нығайту, шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Балаларды ойындар арқылы ақыл-ойының толысып өсуіне ықпал жасау. Жарыс кезінде ойынға қызыға қатысуына жағдай жасау, бір-біріне достық қарым-қатынастарын дамыту. Денешынықтыру сабақтарына қызығушылығын арттыру. Дене тәрбиесі процестеріндегі сауықтыру міндеттерін жүзеге асыру.

1. «Эстафета»

2. «Кеңгуру»

3. «Пингвин»

4. «Алтын қасық»

5. «Кім шапшаң»

6. «Кім күшті»

Құрметті сайыскерлер! Сіздерге сәтсапар! Сайысымызды бастаймыз. «Қыран» тобын ортаға шақырамыз

Топтың ұраны:
Қыран тобы алға
Бәріміз, біріміз үшін!

«Тұлпар»тобын ортаға шақырамыз
Топтың ұраны:
Біз әрқашанда мықты
Бәрін жеңіп шықты
І кезең: «Эстафета» Шарты: Әр топ қатысушылары жалаушаны алып мәреге дейін жүгіріп барып өз орынына келіп өзінен кейінгі қатысушыға жалаушаны тапсыруы қажет, қай топ бірінші мәреге жетсе сол топ жеңімпаз.

II кезең: «Кеңгуру» Шарты: Балалардың алдына алжапқыш байлап, жеміс – жидектерді жинап өздеріне тиесілі себетке жинауы тиіс, қай топ көп жинаса,сол топ жеңімпаз.

III кезең: «Пингвин»

Шарты: Допты аяқ арасына қысып алып, жерге құлатпай пингвиндер жүрісімен жүріп, мәреге жетуі тиіс, қай топ бірінші келсе сол топ жеңімпаз.

IV кезең: «Алтын қасық»

Шарты: Әр қатысушы теннис добын қасыққа салып алып, мәреге дейін жүріп барып,қайта келуі тиіс, қай топ мүшелері бірінші болып келсе сол топ жеңімпаз.

V кезең: «Кім шапшаң»
Шарты: Топ басшысы шеңбермен бір-бірден балаларды мәреге апарып, жерде қонып тұрған көбелекті алып гүлге қондыру.

VI кезең: «Кім күшті»

Шарты: Әр топтар жерде үріліп жатқан шарларды, үстеріне отырып жаруы тиіс қалдығын жинап себетке салуы керек қай топ көп шар қалдығын жинаса сол топ жеңімпаз.

Қорытынды бөлім: . Уа,халқым назар аудар денсаулыққа! Өмірде бақыттысың денің сау да. Денсаулық терең бақыт деген сөзді Құр айтпаған ұлы Абай данамыз да демекші . Құрметті қонақтар, спорт жанкүйерлері! Бүгінгі эстафеталық жарысымыз осымен аяқталды. Бүгінгі жарысқа қатысқан бүлдіршіндерге алғысымызды білдіреміз! Алдағы күндері үлкен биіктерден көріне беріңдер! Бүгінгі жеңістерің құтты болсын!